

**"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 қазандағы N 1210 жарлығы "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., N 27, 250-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Құрылымы

**Б а с ш ы л ы қ**

Электр және жылу энергиясы саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Темір жол көлігі мен порттар саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Құбырлар мен су канализациялары жүйесі саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Бәсекелестікті дамытуды қорғау және үйлестіру департаменті  
Заң департаменті

Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті

Талдау және жоспарлау бөлімі".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Астана, 2003 жылғы 21 қазан

№ 1210

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ